

Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы

Тәрбие сағаты

Орындаған: Баумуратова Айман

Сабақ тақырыбы:
Отан отбасынан
басталады



**Отан отбасынан басталады.
Ал, отбасы неден басталады?**

**Отанға деген ыстық сезімнен,
жақындарына,
туған-туысқандарына деген
сүйіспеншіліктен басталады.**

Н.Ә.Назарбаев

**Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта.
Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.**




Қазақ деген халық осы.
(Бір оқушы өлең оқиды).

Қ.Мырзалиев.

"Қазақ осы."

Қазақ осы: Дала дейтін, күн дейтін.
Қазақ осы "Өнер алды - тіл" дейтін.
Қазақ осы "Қарасың ба, ақсың ба,
қызылсың ба, жатырқауды білмейтін".
Қазақ осы ашық-жарқын қабағы.
Қонақ келсе, шабылып бір қалады.
Байқа да тұр, саған да ол кетерде.
Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.
(Орысша мағынасын түсіндіреді)

Ой қозғау.





Ой талқылау.

Әкенің қандай қасиеттері болуы керек деп ойлайсыз?



Қазақтың киелі сөздері *Топ жарыс*

1 – топ сұрақтары

1. Сіз не айтар едіңіз?

**«Өркенің өссін, қалқам!» дегенді қалай түсінесіз?
Қандай адам сыйлы болады?**

**2. «Ана сүтін Анаңды Меккеге үш рет арқалап
апарып келсең де, өтей алмайсың»**

**3. «Қазақтар – «Төріңнен қарт кетпесін» деп
тілеген халық. «Әкеге бағыну - Аллаға бағыну.**

4. «Әкесін сыйламағанды, баласы сыйламайды».

2 – топ сұрақтары

5. «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада»

6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше құлыңша қина, он төрттен кейін құрдасыңдай сыйла»

7. «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік»

8. «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар»

Әке – асқар тау,

Ана – бұлақ,

Бала – құрақ. *(Вид травы – құрақ)*.

Әкені не үшін «асқар тау» дейміз?

Ананы не үшін «бұлақ» дейміз? Сіздің ана тіліңізде әкеге, анаға, Балана, отбасына байланысты қандай мақалдар бар?

1. Ұяда не көрсең, ұшқанда,
2. Анасына қарап,
3. Балалы үй – базар,
4. Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің
5. Білімдіге дүние жарық, білімсіздің
6. Жаман жолдастан,

Тест жұмысы

Қазақстанның астанасы болған қалаларды көрсет.

- A) Сайрам, Жамбыл
- B) Тараз, Түркістан, Теміртау
- C) Астрахань, Орал, Семей
- D) Қызылорда, Алматы, Шымкент
- E) Орынбор, Қызылорда, Алматы

Туылған баланың бесігін кім сыйлайды?

- A) Әкесінің інілері.
- B) Баланың нағашылары.
- C) Баланың әке – шешесі.
- D) Баланың құрдастары.
- E) Баланың ағалары.

Дұрыс аудармасын тап.

Отан оттан да ыстық.

- А) Родины тепло – огня жарче.
- В) Родная земля – золотая колыбель.
- С) И лук на земле сладок.
- Д) Каждому родная земля – рай.
- Е) Джигита доля – за Родину стоять.

Шілдехананы қай уақытта өткізеді?

- А) Бала дүниеге келгенде.
- В) Балаға 40 күн толғанда.
- С) Бала мектепке барарда.
- Д) Бала алғаш рет атқа отырғанда.
- Е) Баланың тұсауын кескенде.

Мақалды аяқта.

Оқу - білім бұлағы ,

.....

- А) Гүл -жер көркі.
- В) Кітап – өмір тірегі.
- С) Білім – өмір шырағы.
- Д) Он тал ек.
- Е) Мектеп – білім бұлағы.

8. Қорытынды.

Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі.

«Отбасы – тіршіліктің тірегі...».



Мақалдың мағынасын қалай түсінесіз?



Қазақта «Үлкенге құрмет, кішіге – ізет» деген жақсы сөз бар. Үлкендердің алдынан кесіп өтпеу, алдына шығып сөйлемейу – кішілерге міндет. Үлкендерді сыйлау арқылы өзіңізден кішілердің құрметіне ие боласыз.